

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 653 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 4 ақпандағы № 1150 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "2009 - 2011 жылдарға арналған "Еуропаға жол" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 653 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 37, 398-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген 2009 - 2011 жылдарға арналған "Еуропаға жол" мемлекеттік бағдарламасында:

"Бағдарламаның паспорты" деген 1-бөлімде:
"Күтілетін нәтижелер" деген кіші бөлімнің үшінші абзацындағы "10 %-ға" деген сөздер алып тасталсын;

"Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері" деген 5-бөлімде:
"Энергетикалық ынтымақтастықты дамыту" деген 5.1.2-тараудың бірінші абзацы алып тасталсын;

"Техникалық реттеу және метрология саласындағы ынтымақтастықты дамыту" деген 5.1.4-тараудың төртінші абзацындағы "Стандарттау жөніндегі еуропалық комитетке (CEN)," деген сөздер алып тасталсын;

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер" деген 7-бөлімнің үшінші абзацындағы "10 %-ға" деген сөздер алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев